

«Тілі бірдің - тілегі бір»

Тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен ауқымды іс-шара өтті

Өткен аптада түркітанушы ғалым, лингвист, аудармашы және ақын Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына және Қазақстан халқының тілдері күніне арналған «Тілі бірдің - тілегі бір» атты аудандық фестивалі өтті.

Сахна төрінде Қазақстанда тұратын ұлттардың мәдениеті, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары көрсетілді. Фестивальда халық достығын, ел бейбітшілігін кеңінен жеткізу мақсатында ақпаратқа толы көрмелер ұйымдастырылды.

Іс-шараны Меңдіқара ауданы әкімдігінің тілдерді оқыту орталығы ұйымдастырды. Боровской өнер мектебінің мұғалімдері мен оқушылары дайындаған әдемі суреттер көрмеге қойылды. Боровской санаториялық мектеп интернатының дайындаған ұлттық колөнер туындылары көрменің ерекшелігі мен маңыздылығын аша түсті. Аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі Ахмет Байтұрсынұлы туралы



Тіл жанашырлары үлкен шарада марапатқа ие болды

кітаптар, фотоқұжаттар және мұрағаттық деректер түріндегі үлкен ақпараттық материалдары бар кітап көрмесін дайындады. Ал сахнада Боровской өнер мектебінің ұжымы дайындаған би қойылымы көрермендерді қуантты.

Шараны аудан әкімінің орынбасары Мирас Ах-

метов құттықтау сөзімен ашып, барша жиналған қауымға сәттілік тілеп, актілегін білдірді.

Іс-шарада Меңдіқара ауданы әкімдігінің тілдерді оқыту орталығының мұғалімдері өздерінің жоғары кәсібилігін тағы да дәлелдеп, көрерменге ән шашуларын ұсынды.

Фестивальді қолдау үшін Ғаббас Жұмабаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясының мұғалімі Марат Омаров, Мәдениет үйінің әншісі Ғалымжан Маутанов, Жастар ресурстық орталығының КВН командасы өз өнерлерін көрсетті.

Іс-шараның марапаттау

рәсімінде Тілдерді оқыту орталығының 16 тыңдаушысы және ауданымызда тіл саясатын іске асыруға белсенді ат салысып жүрген 4 мекеме аудан әкімінің Алғыс хаттары және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Осы іс-шарада мемлекеттік қызметшілер де марапат-

тан тыс қалмады.

Тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «Мемлекеттік тіл – мәртебе» аудандық байқауының жүлдегерлері мен белсенді қатысушылары аудан әкімінің грамоталармен марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды.

Іс-шара жоғары деңгейде өтті. Тілдерді оқыту орталығы елімізде тіл мәртебесінің артуына өзіндік үлес қосып, ауқымды еңбек атқаратындарын тағы бір мәрте делелдей білді.

Мұның дәлелі – аудан орталығында өткізілген Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына және Қазақстан халқының тілдері күніне арналған «Тілі бірдің - тілегі бір» атты аудандық фестивалі болды.

Еліміздің мемлекеттік тілі қоғамымыздағы рухани келісім мен бірлігіміздің мызғымас кепілдігіне айнала берсін деген тілегімізді білдіреміз.

Дайындаған
Тұрсынәй МҰХТАРҚЫЗЫ